

Ақын Маясар Жапақовтың туғанына 120 жыл толуына орай

Әкем айтқандай «Жалқаудың қасында тұрсаң сылтаудың астында қаларсың» деп, бала-шаға осы хатты ойланып жазуға мүмкіндік бермеді. Мен әкемнің ортаншы ұлы Әбдифазылдан туған, өз бауырында өскен немересімін ғой. Өз бауырында өсуімнің екі себебі бар. Бірі мен туған соң 40 күнге толмай анам Гүлбақша омырауынан жарытпаған соң үлкен шешем Қалиман өзі асырап алып, екіншісі менің 5 жасымда ағатайым Әбдифазыл соғысқа кетіп оралмады, қаза болды, шешем 11 жасымда ауырып, қайтыс болды. Сондықтан әкеммен анамнан ешкім алып кете алмай ер жетіп, оқу оқып, институт бітіріп тұрмыс құрғанша әкемнің қамқорлығында болдым, Әрине туған ата-анам болмаған сонау соғыстан кейінгі жылдар, өсіп келе жатқан қыз балаға оңай еместі. Дегенмен үлкен әкем Маясардың бар болғаны, әрі тәрбие беріп, оқу оқып білім алуыма мүмкіндік жасауы, әдет-ғұрыптарға көзімді ашуы мені өзімнің тең құрбыларымнан кем етпей өскен ортама сыйымды, қатар құбыларыма жұғымды, өзім

ғымды болуыма көп әсерін тигізді. Әкемнің ақындығынан басқа ерекше ойға алатын мі-

ӘКЕМ ТУРАЛЫ

Анам айтатын «мен осы үйге келгенде осы Айғыржалда кішкене екі бөлмелі үйде 3-9 сойталдай жігіттер, екі бой жеткен қыз болды, ішерге тамақ та жоқ, киерге киім де жетпейді, соларды жеке-жеке үй қылып шығардық—деп отыратын. Сонда мен анамнан Бұл кісілер қайдан келген өз балаларыма, деп сұрағанда: Ой, баламай әкең не істемей жүр, ашаршылық жылдары жан-жаққа кеткен, әке-шешелерінен айырылып, детдомдарда жүрген туыстарының балалары. Әулисатадан Петропавлдан, Көкшетаудан жинап алып келген емес пе, дейтін.

Солардың ішінде өз балалары Тұрабай әйелімен, Әбдифазыл, Әбдікұл, Дүйсенкұл болса, ағайындарының балалары Разак, Көтен, Тәттен Кәдірбек, Сүндет болса, Мақыш деген ағасының қызы Үмітжан қарындасынан туған қазіргі белгілі әнші Ләззат Сүйіндікқызы болған. Осы кісілер қартайып бірнеше балалардың әкесі үлкен үйдің иесі болса да өз әкелерін атамай әкемнің баласымыз дейтін.

1965 жылы апрель айында қайтыс болып мен семьяммен, енеммен, кішкене баламмен жерлеуге

ішіп болған соң екеуіміз сен жоқта қайтыс болған туыстардың үйіне барып көңіл айтатымыз», дейтін. Сонсоң сол үйлерге келе жатып маған «бұл үйге кіргенде тәтене көріссін, немесе бұл үйге кіргенде үндемей-ақ қой, өзім айтамын» дейтін. Әкем әйелдердің ер адамды сыйлауына үлкен мән беретін. Өз алдынан әйел адамды өткізбейтін, ер адамның бетіне тіке қарауға болмайды,—деп әрдайым айттып отыратын. Бірде мен жолдасым Сүниятпен елге қыдырып бардым. Есіктің алдында әкеммен сөйлесіп отырған жолдасымды ту сыртынан келіп қолыммен түртіп ымдап сөйлеспек болдым, соны көзінің қырымен көріп қалған әкем маған, екінші гәрі Сүниятты қолыңмен түртуші болма», деп реніш білдірді. Әкемнің осы сөзін еске алып жолдасым мақтанып отыратын.

Сонымен бірге әкем мені бағытты, ақжарқын етіп өсірді. Жас кезімде өзімнен алып жүріп мадақтап, көп алдында ән салдыратын, немесе сол жерде айтылатын мақал-мәтелдерді маған айтқызатын. Ал, Баныш сен айтшы десе Мен «биссімілла деп қатты айт демегендер десін, тойдым деп,

незі ол кісінің кісіге деген ме-иірілілігі еді. Осы тұрғыда айта кетейін дегенім үлкен шешім Қалиманың менің жас кезімде айтып отыратын әңгімесі еді. Бұл кісі әкемнің екінші әйелі болатын, осы үйге 56 жасында 1933-34 жылдары келген екен. Өзі негізі «Қарқаралы уезінің Кент деген жерінен келдім, қайнағам Лебсібай деген би болған, содан қонфискациядан қашып Ақшолақ деген жолдасым екеуіміз шағын бас малымызды алып, осы Бұғылыға қашып келдік», деп отыратын. Сонсон, 1932 жылы ашаршылықта осы Ақсу-Аюлыда жолдасының, малын тартып алып, өзін біреулер өлтіріп кетеді. Жесір қалған анам сол жылдары ең алғаш Шет ауданында құрылған жетім балалар үшін интернатта киім тігуші болып, жұмысқа орналасады, Екі қолынан мөрі тамған, нелер ою-өрнек салатын, алаша сырмақ істейтін тымақ шапан тігетін әйелдің аты шығады. Балаларының шешесі қайтыс болып, 1932-33 жылдары кенже баласын өзі тәрбиелеп жалғыздық көріп жүрген әкем мына кісіні сырттай естіп барып танысып, екеуі үйлеседі.

Сол күні «Әкем-ау» деп келуші әйелдерде шек болмады^ сонда енем марқұм «Бану-ау, бұл не деген көп қыз, қандай^ жақындарын,»^ деп сұрады. Сонда бұл келіп жылап жатқандардың көбісі аса жақын емес^ ауытдастардың қыздары екенін, бірақ әкем ел араптап жүріп алдымен әкешесін білетін^ көрген ағайынның балаларына барып амандығын біліп, жағдай тұрмыста^ры нашар болса сол жердегі басшыларға айтып, үйлерін ремонттауға, малдарына жемшөппен көмектесулеріне ықпал жасайды екен. Кей бірде айтысқа түскенде алған жүлделерін сол жетім-жесір қам көңіл болып отырған қыздарға беріп кетеді екен. Әкем негізінде далада алған олжа-жүлделерін үйге әкелмей, сол жерде таратып кететін.

Менің өзім үшін әкем үлкен бір мектеп еді. Ол кісі маған кісінің қайғысына ортақтасып бөлісуді өзіне тән бір қырымен бойыма сіңірді. Мен, 1950 жылы Қарағанды қаласындағы №22 мектеп-интернатқа барып түскеннен 1959 жылы институт бітіргенге дейін каникулда үйге келіп отырдым, Сонда әкем «Ал, Бануш шәйінді

қолыңды тартпа, жемегендер жесін» деп сайрап қоя беретінмін.

Менің есімде қалған әкемнің бір жақсы мінезі біреулер, келін дауысын көтеріп өзіне тиісіп жатса, сол адам кеткенше басын жерден алмай, ол адамның бетіне қарамай үндемей қалатын. Ол кісі кеткен соң ештеңе болмағандай, ол кісі туралы бір сөз айтпай әрі қарай өз шаруасын жалғастыратын. Әкем өмірі кісі боқтамаған адам.

Мен ұқпаған ол кісінің қанша қыры бар екен. Менің негізгі мамандығым дәрігерлік болса да халықтың қалауымен 1970 жылдан 1985 жылға дейін, Егіндібұлақ аудандық партия комитетінің хатшысы болып істедім ғой. Сол уақыттары адаммен қарым қатынаста болсын, коллективте болсын, мәдениет саласындағы жұмыста болсын әкемнен алған үлгі-өнегем, тәрбием көп көмегін тигізді деп есептеймін.

Әкемнің сан-қырлы әрекеттерін толық қамтыдым дей алмаймын, ол кісінің өмірі бір дастан ғой.

**Бану ӘБДИФАЗЫЛ қызы
МАЯСАРТЕГІ.**